

егемен

Қазвәтәтәһ

Қауіпсіздік қамын қарастырған ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясының сессиясы кеше өз жұмысын бастады

Ол күні Қазақстан Барысы серпінді секіріс жасады. Ол күні Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымына мүше 56 мемлекет бірауыздан Қазақстан кандидатурасын қолдап, елімізге Еуропа төрін ұсынды. Ол күні ЕҚЫҰ тарихында тұңғыш рет азиялық мемлекет, тұңғыш рет ТМД мемлекеті, тұңғыш рет халқының негізгі бөлігі мұсылман дінін ұстанатын мемлекет, тұңғыш рет түркі тілдес ұлт ұйыстырып отырған мемлекет әлемдік аренадағы осындай биік тұғырға көтерілді. Ол күні кешегі кеңестік кеңістіктен шыққан мемлекеттердің еуропалық үлгі-қалыптарға да сай келетін демократия құруға шындап кіріскендігі, сол жолда толымды табыстарға қол жеткізгендігі алғаш рет ресми мойындалды, құжат түрінде танылды. Ол күні Қазақ елі жаңа сапалық белеске ауысты – біздің мемлекетіміз ендігі жерде әлемдік саясаттың бұрынғыдай сырттай бақылаушысы, қазіргідей қатысушысы қалпынан сол саясатты қалыптастырушы, айқындаушы мемлекеттердің қатарына қосылды. Ол күні Нұрсұлтан Назарбаевтың адамзат тарихынан ойып тұрып орын алатын тұлғалар тобынан табылатыны айдай әлемге айқын танылды – айналасы 16 жылдың ішінде қирандыдан, құландыдан мемлекет құру, қоғамды бір формациядан екінші формацияға ауыстыру, өтпелі кезеңдегі қиыншылықтардан есеңгірей жаздаған халықты тар жол, тайғақ кешуден аман-есен алып өту, елдің еңсесін көтеру, аяғынан тік тұрғызу, алыс та, жақын да, Батыс та, Шығыс та мойындайтын, санасатын, құрметтейтін елге айналдыру, сан түрлі себептерге байланысты бірнеше ғасыр бойында дүниежүзілік өркениеттен шеттетіліп қалған елді жер-жаһанға таныту тек шынайы реформатордың, ұлттың ұлы перзентінің ғана қолынан келеді.

2007 жылғы 30 қараша, яғни Испания астанасы Мадридте өткен Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер Сыртқы істер министрлері кеңесінің жалпы отырысында Қазақстан Республикасы Ұйымның 2010 жылғы төрағасы болып сайланған күн жайында осылай толғанғанымыз бар еді. Одан бері де зулап бір жарым жылдай уақыт өте шықты. Енді дәл жарты жылдан кейін, 2010 жылдың 1 қаңтарында Қазақстан Еуропа төріне көтеріледі. Оған дейінгі әр күн, осы ұйымның тыныс-тіршілігіне қатысты әр оқиға біз үшін маңызды. Сондай оқиғалардың бірі –

кеше Литва астанасы Вильнюсте ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясының жыл сайынғы сессиясының басталғаны. Мұнда 18-ші сессияның жұмысына көп маңыз берілуде. “Балтийские новости и аналитика” халықаралық интернет-журналы Литваның 2011 жылы ЕҚЫҰ-ға төрағалық ететінін айта келіп, елдің осы ұйымның төріне көтерілген алғашқы Балтық мемлекеті екендігін атап көрсетеді. Сондағылары – үш елдің – Литваның, Латвияның, Эстонияның арасынан суырылып шыққандығы... Ал біз болсақ, жоғарыда айтқанымыздай, ЕҚЫҰ тарихында тұңғыш рет азиялық мемлекет, тұңғыш рет ТМД мемлекеті, тұңғыш рет халқының негізгі бөлігі мұсылман дінін ұстанатын мемлекет, тұңғыш рет түркі тілдес ұлт ұйыстырып отырған мемлекет осы ұйымның төрағалығына сайланғанын, ол ел мына біз екенімізді әлі де жете сезіне бермейтіндейміз. Негізінде, Қазақстан қазірдің өзінде ЕҚЫҰ басшылығының үштігіндегі қызметіне кірісіп те кетті. Мадридтегі кеңесте 2009, 2010, 2011 жылдардағы үш төраға ел белгіленген: 2009-да – Грекия, 2010-да – Қазақстан, 2011-де – Литва төрағалық ететін болған. Ұйымның тәртібі бойынша ондағы төрағалық – үштіктің төрағалығы, іс үстіндегі, бұрынғы және болашақ төраға қатар басшылық жасайды.

Литва Сеймінің төрағасы Арунас Валинскас 18-ші жазғы сессияны “Литва парламентаризмінің тарихындағы ең айшықты оқиға” деп атап отыр. Ел басшылығы жыл сайынғы бұл жиынды мемлекеттің ЕҚЫҰ төрағалығына дайындығының маңызды белесі деп қарайды. Литваның Балтық бойы мемлекеттерінің өңірлік ынтымақтастығы саласындағы көп жылғы тәжірибесі, көршілермен сындарлы қарым-қатынасы, өзге елдер көшбасшыларымен байланысы және жалпыға ортақ бастамалары ЕҚЫҰ қызметін байыта түсетін болады деп сенеді мұндағылар. Вильнюсте осы күндерде қауіпсіздік, экономика, адам құқықтары, демократия, бүгінгі заман сынақтары жайында кең ауқымды әңгіме айтылмақ.

Мұның алдында өткен жылғы күзде Торонтодан, биылғы қыстың басында Венадан жолдаған мақалаларымызда ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясының қандай құрылым екендігі, мақсат-міндеттері жайында біршама жазғанбыз. Ұйымның дербес құрылымы болып табылатын ПА мүше мемлекеттер парламенттерінің Ұйым қызметіне мәселелерді талқылау, қарарлар мен ұсыныстар қабылдау жолымен араласуын қамтамасыз етеді. Парламенттік Ассамблея төрағасы Жоао Соарештің жақында Қазақстанға келіп

кеткенін, ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясының 2008 жылы Астанада өткен 17-ші сессиясының ұйымдастырылу деңгейін ерекше атап айтқанын оқырман жақсы білуге тиіс. “Біз бәріміз әу бастан-ақ Қазақстанның ЕҚЫҰ төрағалығына тағайындалуын қолдағанбыз. Бұл ел үшін үлкен қадам әрі жарқын болашақ. Мен өз басым Қазақстан делегациясының Парламенттік Ассамблеядағы жұмысын дәйім жоғары бағалаймын, төрағалықтың да тамаша атқарылатынына сенемін”, деп еді ол кісі.

Ассамблеяның жазғы сессиясындағы негізгі тақырыптық арқау планетадағы қауіпсіздікті сақтау болғалы тұр. Астанада өткен жылғы шілдеде шақырылған 17-ші сессиядан беріде Жер шарында көп нәрсе өзгеріп үлгерді. Тамыз айында Оңтүстік Осетия жерінде орын алған қанды қырғын жайында Вильнюсте арнайы әңгіме болатын сыңайы бар. Жалпы, Ресейдің әр қадамын айдың-күннің аманында-ақ сан-саққа жүгіртуге бейім тұратын Балтық бойы елдері Грузиядағы (Оңтүстік Осетия қайткенде де Грузия жері деп саналатынын естен шығармайық) қарулы қақтығыстың жай-жапсарын әлі талайға дейін сөз ететіні анық.

Қазақстан делегациясын Сенаттың Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік жөніндегі комитетінің төрағасы Қуаныш Сұлтанов бастап келді. ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясы Төрағасының орынбасары, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы Қ.Тоқаев бұл күндері Астанада өтетін Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының 3-ші съезіне дайындықтың жайымен Астанадан шыға алмады. Қасым-Жомарт Кемелұлы съезд Секретариатының жұмысын үйлестіретіні мәлім. Алғашқы күнгі кеңейтілген мәжілісте ЕҚЫҰ ПА төрағасы Жоао Соареш сөз сөйледі. Сессияға оны өткізуші елдің қандайлық мән бергені ашылу рәсімінде Литва Президенті Валдас Адамкустың, Сейм төрағасы Арунас Валинскастың, ел Премьер-министрі Андриус Кубилиюстың, мемлекет тәуелсіздігінің бастауында тұрған тұңғыш президент, қазіргі Еуропарламент депутаты Витаутас Ландсбергистің бірінен кейін бірі сөз сөйлеуінен де танылып тұрды. Түске дейін ПА-ның Арнаулы өкілінің гендерлік проблемалары туралы баяндамасы тыңдалып, талқыланды, түстен кейін Демократия, адам құқықтары және гуманитарлық мәселелер жөніндегі жалпы комитеттің отырысы өткізілді.

Таңертең Литва Сеймінде Қазақстан Парламенті арасындағы достық тобының мүшелерімен кездесу болды. Бас-аяғы бір сағатқа да

жетпегенімен осы қысқа кездесудің өзінен екі ел арасындағы ынтымақтастықтың біраз жайына қаныға алдық. Мемлекеттер әрқилы салаларда сындарлы қатынас пен өзара тиімді әріптестікке септесетін тұрақты үнқатысуды сақтап келеді. Литва біз үшін транзит-көлік әлеуетін пайдалану, өз мүдделерімізді Еуропалық құрылымдарда сәтімен жылжытып жүргізіп отыру үшін де керек. Бұл жайында 2007 жылғы қыркүйекте Президент Н.Ә.Назарбаев Нью-Йоркте өткен Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 62-ші сессиясы аясындағы кездесу туралы жазғанда да айтқанбыз. Сол жолы екі елдің ЕҚЫҰ-ға төрағалық ету ниеттерін жүзеге асырудың жайы да сөз болғаны есімізде. Енді, міне, Қазақстан мен Литва Еуропа төріне бірінен кейін бірі көтерілгелі отыр. Сессияның жұмысы 2 шілдеге дейін созылады.

Авторы: Сауытбек Абдрахманов – Вильнюстен.